ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 20 қантар №7119-24-00-2/16875 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Д.Смаилов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«UN TRADE» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нуржамал Шерасиловна Тлеукабылова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«UN TRADE» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нуржамал Шерасиловна Тлеукабылова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«UN TRADE» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нуржамал Шерасиловна Тлеукабыловадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

ҰЛТТЫҚ НЕЙРОХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Кіріс № 350
«27» 03 2025 ж.
Парақ саны ——— қабылдаған ———

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 20.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.02.2025, судья Смаилов А. Д., 05.03.2025

7119-24-3-1/16536